

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік
мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан
Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы № 644
бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 7 қарашадағы №
139 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік
мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан
Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы № 644
бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Астана қаласының
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік
мекемесінің ережесінде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Заңды тұлғаның орналасқан жері – 010000, Қазақстан Республикасы, Астана
қаласы, Байқоңыр ауданы, Абай даңғылы, № 47 ғимарат."

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының
заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық қабылданған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде оның электрондық
түрдегі қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан
Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне
енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан
Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан
Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК